

Магистратураның «Экономика» білім беру бағдарламасы

Мақсаты: Заманауи экономикалық ойлау қабілеті бар, экономика, статистика және мемлекеттік аудит салаларындағы «алдыңғы қатардағы» теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды игерген, сыни ойлай алатын және тиімді басқару шешімдерін қабылдай білетін мемлекеттік қызметшілерді даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- экономикалық талдау жүргізу мен басқару шешімдерін қабылдау үшін ақпаратты жинау дағдыларын үйрету;
- экономикалық процестердің дамуындағы және экономикалық саясатты жүзеге асырудағы ықтимал тәуекелдерге талдау жүргізу мен құру дағдыларын қалыптастыру;
- экономикалық саладағы тәуекелдерді ескере отырып басқару шешімдерін қабылдау дағдыларын дамыту;
- әлеуметтік-экономикалық процестердегі өзгерістерді талдау әдістері мен басқару шешімдерін уақтылы қабылдау дағдыларын оқыту;
- ЕБШ бойынша кәсіби мемлекеттік аппарат сипаттамасына сәйкес келетін үш құзыреттілік блогын және мемлекеттік қызметшілердің жеке қасиеттерін дамыту.

Оқытудың күтілетін нәтижелері:

Талдау: ұйымның, өңірдің орта мерзімдегі экономикалық қызметін жоспарлайды.

Синтез: ұйымның, өңірдің / саланың экономикалық қызметінің дамуын талдайды және орынды шешімдерді ұсынады.

Қолдану: экономиканың өзекті проблемаларын шешуде білімдер, ікемдер мен дағдыларды қолданады.

Бағалау: өзгермелі жағдайларды ескере отырып ұйымның, өңірдің, саланың экономикасының дамуының жағдайы мен динамикасын анықтайды және болжайды.

Құзыреттілік бойынша:

Қызметті тиімді басқару: Басқару шешімдерін талдау мен қабылдау жүргізу үшін қажетті ақпаратты жинау дағдыларын игереді.

Шешімді қабылдау: Экономикалық процестердің дамуындағы және экономикалық саясатты жүзеге асырудағы ықтимал тәуекелдерге талдау жүргізеді және болжайды. Экономика саласындағы ықтимал тәуекелдер мен салдарларды ескере отырып басқару шешімдерін қабылдайды.

Жылдамдық: Экономикадағы болып жатқан өзгерістерді талдап, оларды жақсарту бойынша уақтылы шешімдер қабылдайды.

Қызмет тұтынушысына бағыттылық және ақпараттандыру: Сапалы мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыра алу және бақылай білу, кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттану дәрежесін анықтай алады.

Тәртіптілік: Этикалық нормалар мен стандарттардың сақталуын бақылауға, ұжымда сенім мен құрмет ортасын құруға, әріптестер мен бағыныштылардың іс-әрекеттерінде ашықтық және әділдік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ете алады.

Бастамашылдық: Ұлттық экономиканың тиімді қызмет етуін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша талдаудың негізінде ұсыныстар жасайды.

Стресске төзімділік: Сынға байыппен қарайды, кемшіліктерің орнын толтыру бойынша шараларды қабылдайды.

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Мемлекеттік қызметшілердің тілдік құзыреттілігі	3
	Мемлекеттік басқару	3
	Зерттеу әдістері және деректерді талдау	3
	Микроэкономикалық талдау	5
	Қолданбалы статистика	5
	Пәндер каталогынан элективті курс	5
	Development Day/Excellence Day шеңберінде коллоквиум	2
	Магистранттың эксперименттік ғылыми зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ)	6
1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		32
2	Мемлекеттік мекемелердегі ұйымдастырушылық мінез-құлық	3
	Макроэкономикалық талдау	5
	Мемлекеттік қаржылар және фискалды басқару	5
	Экономикадағы цифрлық технологиялар	5
	Стратегиялық менеджмент	5
	Development Day / Excellence Day шеңберінде коллоквиум	2
	МҒЗЖ	4
	Өндірістік практика	5
2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		34
3	Экономикалық процестерді модельдеу	5
	Экономикалық саясатты талдау	5
	Пәндер каталогынан элективті пәндер	5
	<i>Мамандандыру «Экономиканы басқару»</i>	
	Экономикалық өсу және даму	5
	Экономикадағы тәуекелдерді басқару	5
	<i>Мамандандыру «Статистика»</i>	
	Экономикалық статистика	5
	Уақытша қатарларды талдау	5
	<i>Мамандандыру «Мемлекеттік аудит»</i>	
	Мемлекеттік аудит әдістемесі	5
	НҚКЕХС сәйкес бухгалтерлік есеп	5
	Development Day/Excellence Day шеңберінде коллоквиум	2
МҒЗЖ	6	
3 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		33
4	Коллоквиум в рамках Development Day/Excellence Day	2
	<i>Мамандандыру «Экономиканы басқару»</i>	
	Мінез-құлық экономикасы	5
	Өңірлік экономика	5
	Мемлекеттік бағдарламаларды бағалау	5
	<i>Мамандандыру «Статистика»</i>	
	Стратегия және мәліметтерді визуализациялау	5
	Статистикалық модельдеу	5
	Үлкен деректер	5
	<i>Мамандандыру «Мемлекеттік аудит»</i>	
	Мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардағы	5

	қаржылық есептіліктер аудиті	
	Тиімділік аудиті	5
	Сәйкестілік аудиті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы аудит	5
	МҒЗЖ	6
	Тағылымдама	2
	4 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	25
	Теориялық оқудың барлығы	100
	МҒЗЖ:	24
	• МҒЗЖ, магистрлік жобаны орындаумен қоса	22
	• Тағылымдама	2
	Қорытынды аттестациялау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)	12
	Қосымша білім берудің барлығы	36
	МІНДЕТТІ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ	136